

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университеті



СӨЖ

Тақырыбы: Дәріге тәуелділіктің әлеуметтік
мәселелері

Қабылдаған: Орынбасарова А.
Орындаған: Жандарбек Ш.
Тобы: ЖМ-220

Жоспары:

I.Кіріспе

II.Негізгі бөлім

- Дәріге тәуелділік шақыратын препараттар
- Тәуелділік шақыратын препараттардың маңызы
- Морфин, промедол, кокаинге түсініктеме беру

III.Қорытынды

IV.Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

Денені дәріге үйретудің үш түрі бар.

Біріншісі – дәріге тәуелділік. Бұдан құтылу өте қиын. Дәрілер арасында күшті тәуелділікті тудыратын құрамында наркотикалық заттары бар таблеткалар бар. Мысалы, морфин. Мұндай күшті әсері бар дәрілерді дәрігер-мамандардың кеңесінсіз пайдаланбаған дұрыс.

Екінші түрі – құрамында есірткі заты бар дәріге үйреніп, онсыз ағзаның өздігінен жұмыс жасай алатындығына сенімсіздік таныту. Мұндай жағдайда ағза бұл дәрілерге тез үйреніп, оның жеткілікті әсер алуы үшін көп мөлшерде қабылдай беруін талап етеді. Көбіне бұған тыныштандыратын, аллергияға қарсы және мұрынға тамызатын дәрілер кіреді.

Дәріге тәуелділіктің **үшінші түрі** – психологиялық тәуелділік. Дәрісіз өмірін елестете алмайтын адамдар. Мұндай адамдар бұл проблеманы таблеткасыз шешуге болатынын түсінбейді.

Дәрілік заттарды қайталап қолдану

- Дәрілік заттарды қайталап қолданғанда, олардың әсері жоғарылау жағына да және төмендеу жағына да өзгеруі мүмкін.
- Матариалдық кумуляция ағзада фармакологиялық заттардың жинақталу түрі. Бұл ұзақ әсер ететін препараттарға тән, олар аз бөлінеді немесе ағзада тұрақты байланысады. Оларды қайталап тағайындағанда заттардың жинақталуы уытты әсерлердің себебі болуы мүмкін. Осыған байланысты, бұндай препараттардың кумуляциялануын ескере отырып, біртіндеп мөлшерін азайтып немесе препараттың қабылдау арасын ұлғайта отырып мөлшерлеу керек.

Кейбір заттарды қайталап енгізгенде дәріге тәуелділік дамиды.

Дәріге тәуелділік дәріні
қабылдауға
деген ұмтылысты жеңе
алмауымен
көрінеді, әдетте:

Көңіл күйді, хал –
жағдайын жоғарылату

Жағымсыз, қайғыру және
сезінуді
тоқтату мақсатында

Дәріге тәуелділік
шақыратын дәріні
беруді тоқтатқанда болады.

Дәрілік заттарға бейімделу.

- **Бейімделу** - заттарды қайталап қолданғанда әсерінің төмендеуі. Ол заттың сіңуінің азаюына, оның инактивациялану жылдамдығының ұлғаюына және қарқынды шығуының жоғарлауына байланысты болады. Бастапқы әсерді алу үшін препараттың мөлшерін жоғарылату немесе бір затты басқасымен ауыстыру қажет.
- **Тахифилаксия** - бейімделудің ерекше түрі, бұл өте жылдам пайда болатын бейімделу, кейде затты 1 рет енгізгеннен кейін.

Дәріге тәуелділік

Физикалық

Тек психикалық бұзылыстар ғана емес, физикалық қызметтердің бұзылуымен сипатталады.
(морфин,героин)

Психикалық

Препараттарды енгізуді тоқтатқанда тек эмоционалдық жайсыздық туындайды.
(мысалы,кокаинді, галлюциногендерді

Дәрілік тәуелділік шақыратын заттар.

- **Ұйықтатқыш заттар** (хлоралгидрат, барбитур қышқылының туындылары).
- **Опиоидты (наркотикалық) анальгетиктер** (морфин, промедол, фентанил, суфентанил).
- **Кокаин, героин, галлюциногендер.**

Дәрілік тәуелділіктің дамуы айтарлықтай дәрежеде опиоидты анальгетиктердің эйфория шақыру қабілеттілігімен түсіндіріледі. Бұл кезде жағымсыз эмоциялар, шаршау жойылады, жақсы көңіл күй, өзіне деген сенімділік пайда болады, біртіндеп жұмысқа қабілеттілігі қалыптасады. Эйфория, әдетте сақ және жылдам үзілгіш ұйқыға ауысады.


ДӘРІГЕ ТӘУЕЛДІЛІК ШАҚЫРУШЫ ЗАТТАР



Ұйықтатқыш
заттар



Кокаиндік
заттар



Дәріге
Тәуелділік



Наркотикалық
заттар



МОРФИН

Негізгі фармакологиялық әсері:

- Ауру сезімін басады;
- Эйфория шақырады, ал кейбір адамдарда кері құбылыс болуы мүмкін дисфория;
- Ұйқы шақырады (беткейлік ұйқы болады);
- Дене температурасын төмендетеді;
- Диурезге қарсы гормонның деңгейін жоғарлатады, диурез төмендейді;
- Тыныс орталығын тежейді,
- Жөтелге қарсы әсер көрсетеді;
- Қарашықты тарылтады;



МОРФИННІН ҚОЛДАНЫЛУЫ:

- Ауру сезімін басу үшін травмаларда;
- Қатты ауру сезімдерімен жүретін ауруларда;
- Операцияға дайындық кезінде;
- Қатты ауру сезіміне және жөтелге байланысты ұйқысыздықта;
- Өкпеге операция жасағаннан кейінгі жөтелде;
- Шаншуларда;
- Өкпе ісінуінде.



МОРФИН

Жанама әсерлері:

- Жүрек айну;
- Құсу;
- Тыныстың тежелуі;
- Миоз;
- Іш қату;
- Диурездің төмендеуі.

Қайталап енгізгенде:

- Бейімделу;
- Дәріге психикалық және физикалық тәуелділік;
- Абстиненция синдромы.



ПРОМЕДОЛ

- Жасанды анальгетик, пиперидин туындысы.
- **Фармакологиялық әсерлері:** морфинге ұқсас.
- **Ерекшелігі:** анальгетикалық белсенділігі морфиннен төмен, тыныс алу орталығын аз тежейді, кезбе нерв, құсу орталықтарына аз әсер етеді, қарашықты тарылту белсенді емес. Жатырдың мойнын босатады, жиырылғыштығын жоғарлатады. Әсер ету ұзақтығы 2-4 сағат.



КОКАИН

Метилэксгонин мен бензой қышқылының күрделі эфирінің гидрохлориді болып табылады. Анестетикалық белсенділігі новокаинге қарағанда жоғары.

Қолданылуы :

уыттылығымен шектеледі, тіпті беткейлік анестезияда кокаинды сақтықпен қолданылу керек, өйткені ол шырышты қабаттардан сіңіп, жанама және уытты әсерлердің себебі болуы мүмкін.



Кокаиннің әсері:

- Көз практикасында (ақ қабық тамырларын тарылтып, қарашықты кеңейтеді);
- Қасаң қабықтың эпителиінің түлеуін және ойылуын шақырады;
- ОЖЖ ынталандырғыш әсер;
- Сопақша мидың орталықтарын (тыныс, тамыр қозғалтқыш, құсу орталықтары) ынталандырады;
- Адренергиялық иннервацияға әсері (қозуын күшейтеді).



Кокаин шақырады:

- Тамырларды тарылту;
- Артериялық қысымды жоғарлату;
- Тахикардия;
- Мидриаз;
- Эйфория;
- Тынышсыздық, психомоторлық қозу;
- Шаршау, аштық сезімдердің төмендеуі;
- Тырысу.



Кокаинді ұзақ қолданғанда:

Кокаинизм, яғни дәріге тәуелділік туады (мұрын арқылы тарту, кока жапырағын шайнау, кейде көк тамырға енгізу). Мұның себебі кокаиннің әсерінен пайда болатын эйфория: көңіл күйдің көтерілуі, жағымсыз эмоциялар мен сезімдірдің жойылуына байланысты болуы мүмкін. Кокаинді қабылдауды кенеттен тоқтату психикалық күрделі жағдайлар шақырады, бірақ опиоидты анальгетиктерден (героиннен немесе морфиннен) туатын дәрілік тәуелділік секілді ауыр абстиненция кокаинизмде байқалмайды. Бұл физикалық емес, психикалық тәуелділіктің дауымен түсіндіріледі. Кокаинге бейімделу болмайды немесе аз дәрежеде байқалады.



Туа пайда болған

ақаулық тар




Дәрілік заттарға мұқтажды




Дәрілік зат

Кокаиндік зат




Наркотикалық зат



Наркомания

көрінісі



Қорытынды

Кейбір дәрілік заттарға, оларды қайталап енгізгенде дәріге тәуелділік дамиды. Дәріге тәуелділік шақыратын препараттар енгізуін тоқтатса, ұйқысыздық, тынышсыздық, қорқыныш, үрей, мұңаю байқалады. Көптеген физиологиялық қызметтер бұзылады. Кейде коллапс дамиды. Қозғалыс ретсіздігі, агрессивтілік және басқа да көріністер болуы мүмкін. Дәріге тәуелділіктің алдын алу мен емдеу медициналық және әлеуметтік күрделі мәселе болып табылады.



Қолданылған әдебиеттер:

- Д.А. Харкевич “Фармакология” Алматы-2004;
- Есетова К.Ө. Жалпы фармакология. Барлық факультеттердің студенттеріне арналған оқу-әдістемелік құралы. – Алматы- 2003.
- Фармакологиядан лабораториялық сабақтарға әдістемелік нұсқаулар. – Алматы- 2003.

***Назарларыңызға
рахмет!!!***

